



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3. *Шайев А.С.* Жарнама тілі, жарнама мәтіндерін аудару мәселесі. – Астана, 2015. – Б. 3.
4. Лебедев-Любимов А.Н. Психология рекламы. – СПб.: Питер, 2002. – 368 с: ил. – (Серия «Мастера психологии»).
5. Асанбаева С.А. Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері. – Алматы, 1999. – 132 б

ӘОЖ 81'255

ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ АУДАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Кенесалы Аяна Ниматуллақызы

ayana.kenesaly@mail.ru

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Сәтенова С.К.

Қандай да бір халықтың тұрмыстық лексикасын салыстыра, салғастыра зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Себебі, әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасаған тілінен көрініс табады. Әрбір ұлттық тілді зерттеп, қыр-сырын танып білу тіл иесінің қоғамдық әлеуметтік өмірін, тіршілік көзін, рухани мәдениетін, ұлттық психологиясын, ұлттық дүниетанымын зерделеу деп білеміз. Ал әр ұлттың өзіндік биік мұраты, әр тілдің өзіне тән қадір қасиеті болады. Оның бойында түрлі тарихи оқиғалардың ізі, соған сәйкес халықтың материалдық және мәдени өмірінің көріністері бейнеленген.

Бүгінгі салыстырмалы аударматанудағы, лингвистикадағы шешімін таппай жүрген мәселелердің бірі – тұрмыстық лексика. Өзара туыс емес тілдерге тән тұрмыстық лексикаға тән атаулар, ұғымдар, олардың қолданыс аясы, сөздік қоры т.б. айқындап алуды қажет етеді. Бұл ұғым аясына адамның күнделікті өмірінде қолданылатын заттарының, бұйымдарының атаулары сондай-ақ тұрмыспен тікелей байланысты күнделікті үй жағдайына, үй шаруашылығына байланысты сөздер жатқызылып жүр. Сондықтан да бұл мәселеге қатысты көптеген терминдер де кездеседі. Мысалы, «этномәдени лексика», «этнографиялық лексика», «кәсіби лексика», «тұрмыстық лексика», «материалдық және рухани мәдениет лексикасы», «заттық мәдениет лексикасы», «тұрмыстық терминдер», «кәсіби-тұрмыстық лексика» т.б. Мақаламызда зерттеу нысанасына етене жақындау келетін «тұрмыстық лексика» атауы алынды.

Тұрмыстық лексика мәселесіне қатысты зерттеулерімен танымал ғалым Ә. Хасенов еңбегінде: «Тұрмыстық лексика – күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай-ақ халықтың тұрмыс жайы,салт-сана, әдет-ғұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады. Тұрмыстық лексика – халық өмірінің айнасы есепті», - деп анықтама бере келіп, оларды былайша топтастырады: үй-баспанаға байланысты сөздер: жаппа, жеркепе, кереге, уық т.б.; құрал-сайман атаулары: мама ағаш, қамшы, жүген, құрық т.б.; киім-кешек аттары: саптама етік, кәмшат бөрік, түлкі тымақ, күпі т.б.; ыдыс-аяқ аттары: таба, табак, жанан, тостаған, қазан т.б. [1, б. 129].

Тұрмыстық лексикаға жататын сөздердің бұлай топтастырылуы тиімді, себебі, кейбір сөздердің қолданыстан шығуы, көнеленуі мүмкін. Осындай жіктемелердің негізінде қай тақырыптық топқа жататындығын анықтауға болады.

«Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» (авторы Ғ.Қалиев) қарастырып отырған мәселеміз – тұрмыстық сөздер деп беріліп, былайша түсіндіріледі: «күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер. Мысалы: төсек, ас, нан, тұз, шам, терезе, сағат, бос белбеу, бетім-ай, жолың болғыр, о тоба, тілеуің берсін т.б.» [2, б. 333].

Қазақ тіл біліміндегі осы мәселеге іргелі қатысты зерттеулердің бірі – Б. Абдығалиеваның «Бытовая лексика казахского языка» деп аталатын ғылыми еңбегі. Бұл

жұмыста халықтың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын заттар атауларына талдау жасалынады. Олар төмендегідей топтарға жіктелген:

1) тұрғын үйдің, оның бөліктерінің және тұрғын үй-шаруашылық құрылыстарының атаулары;

2) керек-жарақтардың атаулары;

3) ыдыс-аяқтардың атаулары;

4) киімдер мен әшекейлердің атаулары;

5) әбзелдердің атаулары;

6) аспаптар мен қол еңбегі құрал-саймандарының атауларына толық семантикалық талдау жасалынған. [3, б. 18]. Тұрмыстық лексиканы зерттеу нысанына айналдырып, жүйелі түрде жан-жақты қарастырған еңбектердің бірі деп атап көрсетуімізге болады.

Әуел баста халықтың тілдік, тарихи және мәдени дамуы негізінде қалыптасқан тұрмыстық лексика өзінің даму барысында тілдік ауыс-түйістерге, әр замандағы әдет-ғұрып, салт-санаға, қоғамдық өзгерістерге қатысты әр түрлі семантикалық өзгерістерге ұшырап отырды. Соның дәлелі – қазақ және ағылшын тұрмыстық атауларының тарихи дамуы және алуан түрлілігі. Екі тілдің де тұрмыстық атауларының пайда болу, қалыптасу дәстүріне, сөз жоқ, басқа туыс, көрші халықтардың да әсері болмай қалған жоқ. Мұның барлығының тілде өз көріністерін тауып отыруы – заңды құбылыс. Сондықтан тұрмыстық заттарға қатысты қалыптасқан атаулар, тұрақты тіркестер т.б. қазақ тілі мен ағылшын тілінің сөз байлығының ауқымды бір тобын құрайды.

Қай тілге қатысты алсақ та, тұрмыстық лексика жалпы атау, жоғарыда айтылғандай сол топқа кіретін тілдік бірліктердің тобы көлемді, сондықтан да оны ашуда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ыдыс-аяқ және тағам атаулары түрі зерттеу нысаны ретінде алынды.

Ыдыс-аяқ атаулары қазақ халқының тұрмысына тікелей байланысты, бұл атаулар негізінен көшпенді халық тұрмысына лайық тасмалдауға ыңғайлы, теріден, сүйектен, жүннен жасалған, яғни, бұл атаулардың пайда болуына олардың жасалу материалы негіз болған. Олар - *боғама, көнек, мес, қауға, торсық, саба* т.с.с. Бірақ бұл атаулардың көбісі дерлік қазіргі қазақ халқының күнделікті өмірінде кездеспейді. Заманның, қоғамның өзгеруіне орай қазақ халқының тұрмысына да, сөздік қорына да өзгерістер енді деп айтуға болады. Кейбір тілдік бірліктер сирек қолданылып немесе қолданыстан шығып тұрмыстық атаулардың біршамасы көнерген атаулар қатарын толықтырды.

Бүгінгі қолданыстағы *тарелка, кружка, бокал, рюмка, поднос, шайнек, кострюль, самаурын* тәрізді атаулар қазақ тіліне әр түрлі шетел тілдерінен еніп, қазіргі таңда тілімізге, ажырамас бөлігіндей болып, сіңісіп кетті. Бұл жағдайда әлем бейнесінің, ол атаулардың қай тілден ауысқанын анықтау үшін арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет, қазақ тіліндегі көрінісі жайында айту мүмкін емес деуге болады. Ал ағылшын тіліндегі ыдыс-аяқ атауларын зерттеу барысында ол тілге бұл атаулардың араб, иран, орыс тілдерінен ерте замандарда еніп, қазіргі кезге дейін қолданылып жүргені анықталды. Ыдыс-аяқ атауларын зерттегенде біз көбіне қазақ тілінің байырғы атауларын алдық. Өйткені қазақ тіліндегі, дәлірек айтсақ, ыдыс-аяқ атауларына қатысты құнды мәліметтер осы байырғы атауларда жатыр. Тағы бір айта кететін жайт, кейбір тарих деректеріне сүйенсек, ыдыс-аяқ атаулары қазақ тілінің төл сөздеріне жатады, тіпті жалпы түркі халықтарына ортақ түркілік сипатқа ие десек те болады. Мысалы, *қазан, кесе, керсен, табақ* ағылшын, қырғыз, түрік тілдерінде де кездеседі және мұндай мысалдарды түркі тілдері үшін көптеп келтіруге болады [4, б. 78].

Ал енді «Абай жолы» роман-эпопеясында кездескен қазақ тілінің кейбір жекелеген ыдыс және тағам түрлерінің табиғатына назар аударып көрейік:

Күбі – талдан, аршадан қиып жасалатын, айран, қымыз пісуге арналған іші кең ыдыс, көбіне шелек тәріздес келеді. [6, б. 93] Күбі сөзі тек түркі тілдес халықтарға тән болғандықтан және шелек тәріздес болып келетіндіктен, еңбекте “*raii*”, яғни шелек деп аударылған. Дегенмен, күбі мен шелек екеуінің бір емес екендігін қазақтар өте жақсы білгенімен, шетелдік үшін беймәлім. Сондықтан да «күбі» сөзінің «шелек» деп аударылуын

аудармашылар тарапынан жіберілген қателік деп есептейміз.

Асжаулық – **ас** қоюға арналған **мата** төсеніш. Асжаулықты көбінесе "дастарқан" деп атайды. Дастарқан сол үшін көбінесе ашық түсті не гүлді маталардан көлемі әртүрлі етіп тігіледі. Дастарқанның жиегін қайырып сыриды, сәнді болуы үшін **шашақ** тағады. Қазіргі кезде көбіне клеенкадан жасалған дастарқан пайдаланылады. қондырып, ою-өрнектеп, салпыншақты етіп жасалады [6, б. 106]. Асжаулық яғни дастарқан әлемдегі барлық халыққа тән, соның ішінде ағылшын халқында «cloth» деп аталғандықтан еңбекте нақты аудармасы көрсетілген.

Тегене – үлкен дөңгелек, шұңғыл ыдыс. Сабадағы қымыз осы ыдысқа құйылады. Сыйымдылығы да мол, орта есеппен 10–15 литр еркін кетеді, әрі құйылған қымызды сапырып отыруға ыңғайлы. Әдетте, тегенелердің іші-сырты мұқият өңделіп, сыртына ою-өрнек ойылады. Сүйек не күмістелген темір әшекейлермен әр түрлі асыл тастармен безендіріледі. Кейбір тегенелердің қақпағы ағаштан жасалып, күміс әшекейлермен көркемделеді [6, б. 106]. Ағылшын тілінде бұл сөздің тікелей аудармасы жоқ, алайда сырт пішіні құтыға ұқсас болғандықтан аудармада «jar» - құты деп аударылған және де оның үлкен екенін көрсету үшін «tall» сөзі тіркелген. Бұл жерде де аудармашымен келісу қиын, себебі, тегене мен құтының айырмашылығы жер мен көктей, сондықтан сипаттама, түсініктеме берілген дұрыс еді деп есептейміз.

Тегенеге құйылған қымызды сапырып, аяқ-аяққа құю үшін ағаш **ожау** қолданылады. Қазақ арасында қымыз сапыратын ожаудың екі түрі жасалды. Оның ішінде Қазақстан жеріне ең көп тараған түрі – ұзын сапты ағаш ожау. Мұндай ожаудың сабын сүйектеп, күмістеп, оюлап безендіретін болған. Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс аудандарында ожаудың қысқа сапты түрі де кездеседі. Ожаудың қай түрі болсын, мұқият өңделіп, сырт пішіні әркелкі жасалады. Қымыз ішуге арналатын үлкенді-кішілі шара, сапты аяқ, тостаған сияқты ыдыстарды да қайыңнан шауып, кейде сыртына ою ойып, күмістеп безендіреді [6, б. 106]. Ожау күделікті тұрмыста қолданылатындықтан барлық халыққа тән болып келеді. Сондықтан еңбектің ағылшын тіліндегі нұсқасында тікелей баламасы «ladle» сөзімен берілген.

Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең бағалы дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен ашытылады. Қазақтың ұғымында ең дәмді қымыз ысталған ыдыста сақталады. Қымызды ағаш күбіге немесе торсыққа, сабаға ашытар алдында ол ыдыстардың ішін тобылғы түтініне ұстап, ыстайды. Ысталған қымыз тәтті болу үшін қымызға жылқының қазысын немесе жалын салып қойып, көп піседі. Қымызды пісетін таяқшаны «піспек» дейді. «Сабасына қарай піспегі» деген мәтел сабаның үлкен-кішілігіне сай сөз тіркесі. Алғашқы қымызды жинап, ауылдың қарияларын шақырып таттыру рәсімі «қымыз мұрындық» деп аталған. Қымыздың түрлері. Қазақтар жыл маусымына қарай қымызды уыз қымыз, жазғы қымыз, күзгі қымыз, қысқы қымыз деп атаған [6, б. 27]. Еңбектің ағылшын тіліндегі нұсқасында бұл сөздің аудармасы екі түрлі нұсқа берілген: 1. goat milk, яғни тікелей аударсақ ешкінің сүті; 2. Қазіргі таңда қымыз сусыны әлемге кеңінен тарала бастағандықтан транслитерация әдісі арқылы «kumiss» деп қалдырылған. Себебі ағылшын қауымында қымыз сөзінің дәл аудармасы жоқ. Өйткені бұл сөз тек қазақ халқына тән сусын, сондықтан да аударманың соңғы нұсқасын дұрыс деп есептейміз.

Көже – дәмді дақылдардан сұйық етіп пісірілген ас, тағам. Тек шикілей ақталған тарыны не бидайды пісіріп, оған айран не қымыз құйылады [6, б. 40]. Бұл тағам түрі ағылшын халқына жат және түрі дәмді-дақылдар ботқасына ұқсағандықтан «gruel of millet» деп аударылған, бұл аударманы да сәтті шыққан деп айта алмаймыз, айырмашылығы айқын.

Шәй дастарқанының басты асы – **бауырсақ**. «Бауырсақ» сөзі қазақ тілінде бауырмал, үйірсек, жақыншыл деген мағынаны білдіреді. Бауырсақ сонымен қатар нанның ішіндегі ең құнарлы, кенеуі мол бастырма деп есептелген. Шәй жасалғанда, қымыз сапырылғанда дастарқанға ең алдымен қойылатын да осы бауырсақ. Оны құрт, ірімшік, қант, кәмпитпен қосып мерекелерде шашуға шашады, сарқытқа алады. Қазақтың ұлттық бауырсағы әр түрлі пішінде, үш-төрт бұрышты, сопақша, тағы сондай етіп қуырылған және сапасына қарай

бірнеше атауларға бөлінеді [6, б. 106]. Ағылшын халқында кездеспейтін бұл тағамның түрі қазақ халқына тән, сондықтан аудару барысында түсініктеме секілді «fried dough balls» деп берілген.

Қуырдақ – өкпе-бауыр, ішек-қарын араластырып майға қуырған ұсақ ет. Қуырдақты көбінесе ірі қараның, түйенің қол етінен, сан етінен, қойдың мойын етінен қуырады. Қуырдақ кез келген малдың етінен жасалады. Қазақ дастарқанында қуырдақтың түрлері өте көптеп кездеседі [6, б. 106]. Бұл сөздің ағылшын тілінде нақты баламасы жоқ. Еңбектің ағылшын тіліндегі нұсқасында бұл сөз де өз кезегінде түсініктіме секілді берілген, яғни «fried minced meat» - қуырылған ұсақ еттер.

Жент (қоспа деп те атайды)-түйген қызыл ірімшікке қант, құрт, өрік-мейіздердің ұнтағын, сары май немесе шыртылдақ, кейде жаңғақ, өрік дәндерін, бал қосып жасалатын өте дәмді, тәтті тағам. Бейнелеп айтқанда қазақтың ұлттық шоколады деуге болады. Жент көбінесе сый қонақтың дастарқанына қалаулы табақ ретінде қойылады. Міне, бұл айтылғандардан қазақтардың бұрын, көшпелі немесе жартылай көшпелі дәуірлерде сүттен алуан түрлі тағам әзірлегенін көреміз. Сүт әсіресе жаз айларында тез бұзылатын тағам болса да, оны ысырапқа ұшыратпай пайдалана білген [6, б. 128]. Бұл тек қазақ халқына тән, сондықтан аудармада транслитерация әдісі пайдаланылып, төменгі жағында «cottage cheese mixed with butter and honey» деген түсініктеме берілген, яғни май және бал қосылған үй ірімшігі дегенді білдіреді. Дегенмен, жент пен ірімшіктің әртүрлі тағамдар екендігі айтпасада түсінікті. Аудармада берілген түсініктеме ұлттық тағамның ерекшелігін жеткізе алмағандығы айқын.

Сонымен зерттеу барысында тұрмыстық заттарға қатысты қалыптасқан атаулар, тұрақты тіркестер т.б. қазақ тілі мен ағылшын тілінің сөз байлығының ауқымды бір саласын құрайтындығы анықталды. Алайда қазақ және ағылшын тілдері туыс емес тілдер, сондықтан өзіндік ерекшеліктері баршылық. Қазақ тіліне тән тұрмыстық лексика еңбектің ағылшын тіліндегі нұсқасында көбінесе түсініктемелер арқылы берілген, сонымен қатар транслитерация әдісі жиі қолданылған. Зерттеу барысында көптеген ұлттық нақышқа ие тұрмыстық сөздердің, атаулардың нақты аударылмағандығы анықталды. Демек, аударма жұмысы күрделі ғана емес, жан-жақтылықты талап етеді. Сапалы аударма жасау үшін сол тілге қатысты тарихи деректерді, мәдени мәліметтерді және этномәдени тілдік бірліктерді білуіміз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-словарь, 2006. – 222 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. – 440 б.
3. Абдигалиева Б. Бытовая лексика казахского языка. – М., 1984. – 200 с.
4. Молдасанова А. Ә. Тұрмыс лексикасындағы әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі. – Алматы, 2007. – 183б.
5. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
6. Mukhtar Auezov Abai (Abridged) – Moscow: Progress Publishers, 1975.